



Автор: Укибасова Жумакул Амиржановна

Пән: Математика

Сынып: 5-сынып


Бөлім: Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

Тақырып: Ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 , ... және 0,1; 0,01; 0,001 ; ... көбейту және бөлу

| | |
|---|--|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 5.1.2.29 Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000;... және 0,1; 0,01; 0,001;... сандарына көбейту және бөлу ережелерін қолдану |
| Сабақтың мақсаты: | Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту және бөлу ережелерін өздігінен тұжырымдайды; Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000; ... және 0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту және бөлу ережелері мен алгоритмін біледі және қолдана алады. |
| Бағалау критерийлері: | - Ондық бөлшекті 10, 100, 1000... және 0,1, 0,01, 0,001... сандарына көбейту және бөлу ережесін біледі; -ауызша жылдам есептей алады; -шамалардың бірі екіншісінің қанша бөлігін құрайтынын түсінеді |
| Құндылықтарды дарыту: | Денсаулық сақтау және мәдениеттің ұлттық жүйесін табысты дамытудың ең маңызды шарты |
| Пәнаралық байланыс: | Жаттығу орындау барысында биологиямен байланыс |

Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|---|-----------|
| Сабақтың басы | I. Ұйымдастыру сәті. «Мен саған тілеймін» тренингі арқылы психологиялық ахуал қалыптастырамын. II. Үй тапсырмасын тексеру. Миға шабуыл әдісін қолданып фигураларға есептер беріледі және сол фигураларға сәйкес орындарын табады. | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|-----------------|--|-----------|
| Сабақтың ортасы | <p>Ауызша жаттығу</p> <p> $0,6 \cdot 4$ $0,05 \cdot 6$ $0,08 \cdot 9$ $0,25 \cdot 4$ $0,5 \cdot 8$ $0,6 : 2$ $0,8 : 4$ $7,2 : 9$ $0,12 : 4$ $0,35 : 7$ </p> <p>Жауаптар</p> <p> $0,05 \cdot 6 = 0,3$ $0,6 \cdot 4 = 2,4$ $0,08 \cdot 9 = 0,72$ $0,25 \cdot 4 = 1$ $0,5 \cdot 8 = 4$ $0,6 : 2 = 0,3$ $0,8 : 4 = 0,2$ $7,2 : 9 = 0,8$ $0,12 : 4 = 0,03$ $0,35 : 7 = 0,05$ </p> <p>10,100,1000, ... -ға көбейту және 0,1; 0,01; 0,001; ...-ге бөлу ережесі Ондық бөлшекті 10, 100, 1000, ... көбейту немесе 0,1; 0,01; 0,001; ... бөлу үшін ондық бөлшектің үтірін «онға» сәйкес 1, 2, 3, ... орынға жылжыту керек</p> <p>Image not found or type unknown</p>  <p>0,1; 0,01; 0,001; ...көбейту немесе 10,100,1000, ... бөлу ережесі Ондық бөлшекті 0,1; 0,01; 0,001; ... көбейту немесе 10, 100, 1000, ... бөлу үшін ондық бөлшектің үтірін «солға» 1, 2, 3, ... орынға сәйкес жылжыту керек</p> <p>Амалдарды орындаңдар</p> <p> 1) $3,705 \cdot 10 = 37,05$ 2) $22,7 : 10 = 2,27$ 3) $2,35 \cdot 100 = 235$ 4) $0,0058 \cdot 1000 = 5,8$ 5) $48,5 : 100 = 0,485$ 6) $5,6 : 1000 = 0,0056$ </p> | |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|----------------|--|-----------|
| Сабақтың соңы | Тапсырма 2. Қатені табыңдар : 1) $54,26 : 10 = 5,426$ 2) $0,5162 \cdot 100 = 51,62$ 3) $740 : 100 = 7,4$ 4) $4,2 \cdot 1000 = 4200$ Тапсырма 3. Нәтижесі натурал сан болуы үшін бөлшекті қандай санға көбейту керек? 7,1; 0,5; 3,52. | |